

Н.Қ. АЙТБАЕВА

СӘЙГҮЛІККЕ ҚАТЫСТЫ АЯЛЫҚ БІЛІМ ЖҮЙЕСІ

Ат жарату, сәйгүлікті баптау, атын бәйгеге қосу — қазақ үшін өнердің ең үлкені. Ол — ата дәстүріміз ғана емес, жүздеген, мыңдаған жылдық тәжірибесі бар, өз алдына ғылым. Аттың өзі келісті болғанымен бабы келіспесе, оның бағы байланады. Яғни нағыз атбегі сәйгүліктің тілін білуге тиісті.

Атың бәйгеден озып келсін десең, бірінші кезекте сәйгүлік болар жақсы атты тани білу керек. Екінші кезекте оны бәйгеге жарата білу қажет. Жақсы бапталған ат қана бәйгеден озып келе алады.

Әрине, нағыз сәйгүлік болар жақсы атты тани білу оңай шаруа емес. Ол өнер атаулының ішіндегі ең қиыны. Жақсы атты тани білу өнерлінің өнерлісінің ғана қолынан келеді. Ел ішінде не бір керемет сәйгүліктерді құлын, тай кезінде-ақ айнытпай таныған әйгілі атбегілері, ат сыншылары болған. Солардың арасында жұрт аузына іліккен атақтылары — Күреңбай, Толыбай, Бақай секілді сыншылар.

Қазақтың атбегілері мен ат сыншыларының жақсы ат туралы, сәйгүлік туралы ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік ұғым-түсінігі, талғам-танымы бар. Олар аттың тұқым-тегіне, бітіміне, ерекше қасиетіне, белгі-нышандарына, сондай-ақ, оның шыдамдылығы мен төзімділігіне, денесінің шымырлығы мен сүйегінің беріктігіне, ұшқырлығы мен күштілігіне ден қоя отырып, бәйге атына баға берген. Өздерінің көп жылғы тәжірибесіне сүйеніп, жақсы ат қандай болатындығын сипаттап айта алған.

Ат бегілерінің айтуынша, сәйгүлік болар жақсы аттың сырт тұлғасында мынандай белгілер болады екен: кеудесі кең, шоқтығы биік, басы ашаң (етсіз), құлағы тік, маңдайы жазық, көз аласы шығыңқы, танауы кең, төменгі ерні салыңқы, мойны жіңішкелеу, арқасы оқтаудай түзу, бауыры жазық, сауыры ұзын әрі түйстайлылау, сан еті мен қол еті білеуленіп келген, аяқтары түзу, сіңірлері жуан, тұяқтары дөңгелек, бақайы тік әрі қысқа, еті ояз, жүні тықыр, жал-құйрығы сұйық т.б.

Осы тұрғыдан ұлы Абайды ат сыншысы емес деп кім айта алар?! Оның «Шоқпардай

кекілі бар, қамыс құлақ» деген өлеңіне көңіл аударып көрелік:

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ,
Ауызомыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңрейген болса сағақ.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жоталы, болса күшті.
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
Тоятпаған бүркіттей салқы тості.

Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ,
Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ,
Жерсоғарлы, сіңірлі, аяғы тік,
Жаурыны етсіз, жалпақ тақтайдай-ақ.

Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы,
Алды-арты бірдей келсе, ерге жайлы.
Күлте құйрық, қыл түбі өлді келіп,
Көтендігі шығыңқы, аламайлы.

Ұршығы төмен біткен, шақпақ етті,
Өзі санды, дөңгелек келсе көтті.
Сырты қысқа, бауыры жазық келіп,
Арты талтақ, ұмасы үлпершекті.

Шідерлігі жуандау, бота тірсек,
Бейне жел, тынышты, екпінді мініп жүрсек.
Екі көзін төңкеріп, қабырғалап,
Белдеуде тыныш тұрса, байлап көрсек.

Тығылмай әм сүрінбей жүрдек көсем,
Иек қағып, еліріп, жүрсе өсем.
Шапса жүйрік, мінсе берік, жуан, жуас,
Разы емен осындай ат мінбесем!

Аяңы тымақты алшы кигізгендей,
Кісіні бол-бол қағып жүргізгендей.
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс,
Разы қылдың қолыма бір тигізбей.

Бәйге атының қандай болатындығын білу үшін өлеңдегі жылқыға қатысты басқа да бейнелі сөздер мен суреттеулерді былай қойғанда, ондағы келтірілген эпитеттерді ғана санап шықсақ, біраз мәселенің басы ашылары сөзсіз.

Абай келтірген эпитеттер: *қамыс құлақ, қой мойын, қоян жақ, бөкен қабақ, ой желке, теке мұрын, салпы ерін, салқы төс, жұмыс тұяқ, кең сауыр, тар мықын, күлте құйрық, шақпақ ет, бота тірсек, бөкен желіс.*

Эпитет дегеніміз — троптың бір түрі: көркем бейнелі тұрақты тіркес. Ол — айтпақ болған ойынды көркемдеп, бейнелеп,

өсерлі етіп жеткізу деген сөз. Эпитет туралы арнайы еңбек жазған Г.Мұхаметқалиева: «Эпитет — өзара қабыса байланысқан бейнелі, образды бірлік», — депті.

Тұрақты эпитеттер кем дегенде екі сыңардан тұрады да, оның бір сыңары (біріншісі) — ауыс мағынада, екінші сыңары — тура мағынада тұрады. Ол көбінесе адъективтік (анықтауыштық) қызмет атқарады. Эпитетке бағалауыштық, айқындауыштық, анықтауыштық сипат тән. Сондықтан болар, «Қазақ тілі энциклопедиясында»: эпитет — көркем анықтауыш, — деп, оған *құйма тұяқ, қаз мойын* деген мысалдар келтірген.

А. Сейдімбек өзінің «Қазақ әлемі» деген еңбегінде жақсы аттың (бөйге атының) 15 түрлі белгісі болатындығы жөнінде жазған. Олар: 1) қағылез, ширақ, сергек мінез, 2) қарулы, күшті, 3) шыдамды, көнбіс, төзімді, 4) тез қозғалғыш, ылдым-жылдым, 5) үшқыр, 6) кербез, керім, әдемі, сұлу, 7) кеудесі кең, төсі шығыңқы, 8) басы жеңіл, 9) етсіз жақ (қоян жақ), 10) түлкі (тік) құлақ, 11) қара көз, 12) сымпыс құйрық, 13) тік, тұзу аяқ, 14) дөңгелек тұяқ (құйма тұяқ), 15) бөкен желісті.

Айтса айтқандай-ақ, жақсы аттың, жүйрік аттың өз белгілері бар. Оны Абай атамыз да айтқан (жоғарыда келтірдік), атакты ақын Ілияс Жансүгіров та айтқан. Ойымыз дәлелді болу үшін, енді Ілиястың «Құлагер» поэмасынан үзінді келтірелік.

Күреңбай көріп тұрып арты, алдын:
— Жануар жүйрігі екен жылқы малдың,
Жері ұзақ, күші алдында, өрен жүйрік,
Бітімі өзі айтып тұр жануардың.

Келіскен кескін мынау, омыраудың
Өзі айтар: қаратам, — деп, — қазақ қауымын.
Сом аяқ, быртық бақай, болат тұяқ
Тасындай шұбар ала Көкшетаудың.

Тәует бас, қамыс құлақ, қуарған жақ,
Құлан жал, бұлан мойын, қой жұтқыншақ,
Қоян жон, жазық жая, жауырынды,
Құс топшы, қос шынтағы қалқыңқырақ.

Сіңірлі, жер соғарлы, аяғы тік,
Түлкі төс, тазы тізе, ит жіліншік,
Шашақты, шақпақ етті, аласа ұршық;
Құндыздық қалай біткен құйрыққа дөп?

Қоқанның жібегіндей жеңіл құйрық,
Не қою, не болмаса емес сұйық!
Бұтының арасынан ел көшкендей,
Жамбастың басы делдек, қуыс қолтық.

Шүйделі, шоқтығы өргек, шідерлігі,
Серке сан, желмаядай тілерсегі;
Тау желін тартса жұтқан талыс танау,
Тынысты, кеңде жатыр кеңірдегі.

Жүрсе де жаздай құры болмайды тоқ,
Кез жарым кесер баста кесім ет жоқ.
Қақпан бел, қалбағайлы, үңгір сағақ,
Шапса — жел, мінсе — жайсаң, тұрса — селсок.

Қанында шығысың мен батысың жоқ,
Ағылшын арғымақтың шатысы жоқ.
Қашаннан қазағымның қолтумасы,
Араптың дүлдүлінің қатысы жоқ,...

Мұнда ақ иық ақынымыз Ілияс Құлагердің бітімін сипаттау арқылы барлық жүйрік аттарға тән белгілерді ерінбей-жалықпай санап шыққан. Ол кісі Абай үлгісімен 20 шақты эпитет келтіреді: *сом аяқ, быртық бақай, болат тұяқ, тәует бас, қамыс құлақ, қуарған жақ, құлан жал, бұлан мойын, қой жұтқыншақ, қоян жон, жазық жая, құс топшы, түлкі төс, тазы тізе, ит жілік, қуыс қолтық, серке сан, талыс танау, қақпан бел, үңгір сағақ*, т.б.

Қысқасы, ұлтымыздың мәдени қазыналарының бірі — сәйгүлікке қатысты аялық білім жүйесі. Ол жүйе бір күнде пайда болған жоқ, сан ғасырлар бойы біртіндеп қалыптасып, тілдік санамыздан берік орын алған.

Халқымыздың биік талабы, талғамы, дүниетанымы және парасатты пайымдауы бойынша, кез келген ат сәйгүлік бола алмайды екен. Сәйгүлік деген атқа ие болу үшін оның бойында сәйгүлікке сай келетін белгілері болуы шарт. Біз бұл мақаламызда дүлдүл ақындарымыз Абай мен Ілияс көрсеткен жүйрік аттың белгілерін даралап, саралап беріп, сол белгілерге оқырмандардың көңілін аудартуға тырыстық.

Бір қызығы, халқымыз бөйгеге ат қосып, оның озып келуін, жүлде алуын ғана ойламаған, сонымен бірге, қандай атты баптаса озып келеді дегенді қоса пайымдап, жылқының бойынан бірінші кезекте сол белгілерді іздеген. Ондай белгілер табылса ғана атты бөйгеге жарата бастаған.